

2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 36/1-05 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 желтоқсанда № 2943 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 26 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 25.01.2016 № 26 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 34/258-V «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2919 тіркелген шешіміне сәйкес, Түлкібас аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Түлкібас ауданының 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

- 1) кірістер – 10103275 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 1969403 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 11135 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 19355 мың теңге;
трансферттер түсімі – 8103382 мың теңге;
- 2) шығындар – 10184636 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 65260 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 77298 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 12038 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо- 0, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0;
мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы – -146621 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 146621 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімі – 77298 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 12038 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 81361 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 11.12.2015 № 46/1-05 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2015 жылы салық түсімдерінен облыстық бюджетке жеке табыс салығынан және әлеуметтік салықтан 50 пайыз мөлшерінде бөлу нормативтері бекітілсін.

3. 2015 жылы облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін субвенция мөлшерінің жалпы сомасы 4257742 мың теңге болып белгіленсін.

4. Аудан әкімдігінің 2015 жылға арналған резерві 15000 мың теңге сомасында бекітілсін.

5. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық қорын қалыптастыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде 2015 жылға арналған аудандық бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

6. 2015 жылға арналған жергілікті бюджеттің атқарылуы процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджеттен қаржыландырылатын әрбір ауылдық, поселкелік округтердің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 238 бабының 2 тармағына сәйкес, 2015 жылға ауылдық жерде аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылары мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

9. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы С.Скляр

Аудандық мәслихат хатшысы А.Сапаров

Түлкібас аудандық мәслихатының
2014 жылғы 23 желтоқсандағы 36/1-05
шешіміне 1-қосымша

Түлкібас ауданының 2015 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 11.12.2015 № 46/1-05 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты		Атауы		Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
		Ішкі сыныбы		
1		2		3
		1. Кірістер		10 103 275
1		Салықтық түсімдер		1 969 403
	01	Табыс салығы		299 347
	2	Жеке табыс салығы		299 347
	03	Әлеуметтік салық		232 259
	1	Әлеуметтік салық		232 259
	04	Меншікке салынатын салықтар		1 381 495
	1	Мүлікке салынатын салықтар		1 286 970
	3	Жер салығы		12 374
	4	Көлік құралдарына салынатын салық		80 011
	5	Бірыңғай жер салығы		2 140
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		42 497
	2	Акциздер		15 025
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		6 420
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар		20 652
	5	Ойын бизнесіне салық		400
	07	Басқа да салықтар		23
	1	Басқа да салықтар		23
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер		13 782
	1	Мемлекеттік баж		13 782
2		Салықтық емес түсімдер		11 135
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		6 320
	3	Мемлекеттік меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер		470
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		5 850
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		840

		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	840
	06		Өзге де салықтық емес түсімдер	3 975
		1	Өзге де салықтық емес түсімдер	3 975
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	19 355
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 262
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 262
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	18 093
		1	Жерді сату	18 093
4			Трансферттердің түсімдері	8 103 382
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	8 103 382
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	8 103 382
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Кіші функция			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			Атауы	
1			2	3
			2. Шығындар	10 184 636
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	516 924
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	434 327
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	21 007
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 297
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	710
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	116 471
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	113 234
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 237
			115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау	0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	296 849
			001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	238 225
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	56 624

		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	2 000
2			Қаржылық қызмет	2 423
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 423
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 423
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	80 174
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	42 471
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42 471
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	37 303
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 003
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	400
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	400
02			Қорғаныс	32 475
1			Әскери мұқтаждар	11 978
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11 978
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11 978
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	20 497
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	20 497
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	17 619
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	2 878
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	17 608
9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	17 608
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	17 608
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	17 608

04				Білім беру	7 170 677
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	1 030 129
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	76 786
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	76 786
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	953 343
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	953 343
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	4 092 569
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	13 080
			005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	13 080
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 079 489
			003	Жалпы білім беру	4 023 058
			006	Балаларға қосымша білім беру	56 431
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	2 047 979
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	412 128
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 219
			005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	105 002
			015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	18 338
			022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	2 230
			029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	17 922
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	250 417
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 635 851
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 635 851
05				Денсаулық сақтау	75
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	75
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	75

		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	75
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	382 000
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	5 385
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5 385
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	5 385
	2		Әлеуметтік көмек	345 153
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	7 678
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	7 678
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	337 475
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	19 588
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	11 294
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	0
		006	Тұрғын үйге көмегін көрсету	2 295
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	36 145
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4 095
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	34 701
		016	18 жасқа дейіні балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	104 461
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	33 810
		052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	91 086
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	31 462
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	31 462
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 714
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 030
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	718
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	843 500

	1		Тұрғын үй шаруашылығы	468 405
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	28 013
		002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	10 422
		041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	17 591
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	40 235
		026	Жұмыспен қамту-2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	40 235
		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	400 157
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	200 000
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	200 157
	2		Коммуналдық шаруашылық	302 615
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	290 603
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	63 504
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	227 099
		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	12 012
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	12 012
	3		Елді-мекендерді көркейту	72 480
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	69 444
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	20 710
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	25 183
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	23 551
		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	3 036
		007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	3 036
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	485 792
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	87 941
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	87 941
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	87 941
	2		Спорт	279 051

	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	125
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық іс-шараларды іске асыру	125
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	151 178
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 514
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	126 221
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 186
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	5 847
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4 410
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	127 748
	008	Спорт объектілерін дамыту	127 748
3		Ақпараттық кеңістік	59 990
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	48 560
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	41 694
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	6 866
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	11 430
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11 430
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	58 810
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	34 199
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 179
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	14
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	24 006
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	24 611
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 440
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	8 171

09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	215 702
	9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	215 702
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	215 702
		019	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	6 998
		036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	208 704
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	170 208
	1		Ауыл шаруашылығы	106 316
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14 146
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	14 146
		473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	63 243
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 464
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	300
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2 800
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	9 420
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	25 859
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	2 400
		477	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	28 927
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 927
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	63 892
		473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	63 892
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	63 892
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	48 110
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	48 110
		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	48 110

			001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 034
			013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	22 076
12				Көлік және коммуникация	153 393
	1			Автомобиль көлігі	152 504
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	152 504
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	152 504
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	889
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	889
			024	Кентішілік (қалаішілік) және ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	889
13				Басқалар	123 655
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	14 679
		469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	14 679
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 679
	9			Басқалар	108 976
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	106 808
			040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	106 808
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 168
			008	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу	2 168
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0
14				Борышқа қызмет көрсету	19
	1			Борышқа қызмет көрсету	19

		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	19
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	19
15				Трансферттер	24 498
	1			Трансферттер	24 498
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	24 498
			006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	24 498
			024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	0
				3. Таза бюджеттік кредиттеу	65 260
				Бюджеттік кредиттер	77 298
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	77 298
	1			Ауыл шаруашылығы	77 298
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	77 298
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	77 298
Санаты				Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Ішкі сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	12 038
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	12 038
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	12 038
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	12 038
			13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	12 038
				4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-146 621
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	146 621
				Қарыздар түсімі	77 298
7				Қарыздар түсімі	77 298

01			Мемлекеттік ішкі қарыздар		77 298
	2		Қарыз алу келісім шарттары		77 298
		03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар		77 298
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
	Бағдарлама				
			Атауы		
			Қарыздарды өтеу		12 038
16			Қарыздарды өтеу		12 038
	1		Қарыздарды өтеу		12 038
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі		12 038
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу		12 038
Санаты			Атауы		Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
	Ішкі сыныбы				
	Ерекшелігі				
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		81 361
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		81 361
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары		81 361
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		81 361
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		81 361

Түлкібас аудандық мәслихатының
2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 36/1-05
шешіміне 2-қосымша

Түлкібас ауданының 2016 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 21.07.2015 № 42/1-05 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Ішкі сыныбы			
1				2	3
				1. Кірістер	7 420 164
1				Салықтық түсімдер	1 992 710
	01			Табыс салығы	293 109
		2		Жеке табыс салығы	293 109

	03			Әлеуметтік салық	236 523
		1		Әлеуметтік салық	236 523
	04			Меншікке салынатын салықтар	1 410 117
		1		Мүлікке салынатын салықтар	1 327 698
		3		Жер салығы	13 227
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	66 902
		5		Бірыңғай жер салығы	2 290
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	41 050
		2		Акциздер	19 349
		3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	6 869
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	13 687
		5		Ойын бизнесіне салық	1 145
	08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	11 911
		1		Мемлекеттік баж	11 911
2				Салықтық емес түсімдер	7 760
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4 809
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 809
	06			Өзге де салықтық емес түсімдер	2 951
		1		Өзге де да салықтық емес түсімдер	2 951
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	17 655
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	17 655
		1		Жерді сату	17 655
4				Трансферттердің түсімдері	5 402 039
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5 402 039
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5 402 039
Функционалдық топ					
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
1				2	3
				2. Шығындар	7 420 164
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	520 833
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	441 808
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	21 607

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 837
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	770
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	118 557
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	94 858
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	23 699
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	301 644
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	239 044
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	62 600
2			Қаржылық қызмет	1 146
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 146
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 146
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	77 879
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	37 157
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35 873
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 284
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	40 722
	122	040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	40 722
02			Қорғаныс	24 806
	1		Әскери мұқтаждар	11 721
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11 721
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11 721
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	13 085
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	13 085
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	10 006
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	3 079
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	12 840
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	12 840

		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12 840
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	12 840
04			Білім беру	4 885 196
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	270 519
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	270 519
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	270 519
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3 711 734
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	16 452
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	16 452
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 695 282
		003	Жалпы білім беру	3 640 416
		006	Балаларға қосымша білім беру	54 866
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	902 943
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	231 709
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 849
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	81 438
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	161
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналардың қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	21 434
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	111 827
		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	671 234
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	671 234
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	293 620
	2		Әлеуметтік көмек	265 606
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	265 606
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	20 959
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	12 722
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	287
		006	Тұрғын үйге көмегін көрсету	7 369
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	44 990

		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4 542
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	39 018
		016	18 жасқа дейіні балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	107 706
		017	Мүгедектерді оналту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	28 013
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	28 014
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	28 014
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 254
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	740
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	609
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	411
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	726 627
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	489 810
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	489 810
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	443 346
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және жайластыру және (немесе) сатып алу	46 464
2			Коммуналдық шаруашылық	50 108
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	31 984
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	20 000
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	11 984
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	18 124
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	18 124
3			Елді-мекендерді көркейту	186 709
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	54 942
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	19 032
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	13 739
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	22 171

		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	131 767
		007	Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту	131 767
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	331 282
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	84 409
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	84 409
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	84 409
	2		Спорт	145 809
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	145 809
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 945
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	160
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	119 736
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 409
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 651
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	5 908
	3		Ақпараттық кеңістік	57 665
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	45 970
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	39 354
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	6 616
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	11 695
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	10 647
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	1 048
	9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	43 399
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	17 945
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 182
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	465
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	7 298

		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	25 454
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 528
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	8 766
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	160
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	188 767
	9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	188 767
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	188 767
		019	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	32 257
		036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	156 510
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	100 639
	1		Ауыл шаруашылығы	100 639
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	18 051
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	18 051
		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	5 000
